

"Көкшетау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Көкшетау қаласы азаматтарының жекелеген санатының жол жүру төлеу бойынша жеңілдік белгілеу туралы" бірлескен Көкшетау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы № А-8/1531 қаулысына және Көкшетау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамыздағы № С-36/4 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № А-12/1571 бірлескен қаулысы және Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № С-19/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 8880-03 болып тіркелді

Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Көкшетау қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Көкшетау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Көкшетау қаласы азаматтарының жекелеген санатының жол жүру төлеу бойынша жеңілдік белгілеу туралы" бірлескен Көкшетау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы № А-8/1531 қаулысына және Көкшетау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамыздағы № С-36/4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7350 болып тіркелген) келесі толықтыру енгізілсін:

1 - тармақ келесі мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) жасына байланысты зейнеткерлерге - тегін жол жүру."

2. Осы бірлескен Көкшетау қаласы әкімдігінің қаулысы және Көкшетау қаласы мәслихатының шешімі 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Көкшетау қаласының әкімі

Көкшетау қаласы мәслихатының төрағасы

А.Кумпекеев

Д.Акимов